

**"Елеулі маңызды тауарлар тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 29 желтоқсандағы № 180 бұйрығына толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрінің 2021 жылғы 9 шілдедегі № 451-НҚ бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 13 шілдеде № 23479 болып тіркелді

"Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 50-бабының 2-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. "Елеулі маңызды тауарлар тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 29 желтоқсандағы № 180 бұйрығына ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10953 болып тіркелген) мынадай толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Елеулі маңызды тауарлар тізбесінде:

мынадай мазмұндағы 123, 124, 125, 126, 127, 128, 129, 130, 131, 132, 133, 134, 135, 136 және 137 реттік нөмірлі жолдармен толықтырылсын:

"

123	0102	Тірі ірі қара мал
124	0104	Тірі қойлар мен ешкілер
125	2902	Циклдік көмірсутектер
126	3403	Жақпа материалдары (кескіш жабдықтар үшін жақпасалқындатқыш эмульсияларды, болттар немесе жаңғақтарды бұрауды жеңілдетуге арналған құралдар, тотты кетіруге арналған құралдар немесе тоттануға қарсы құралдар және майлау негізінде дайындалған қалыптан бұйымдарды алуды жеңілдетуге арналған препараттар) және битуминоздық жыныстардан алынған негізгі құрамдас бөліктер ретінде сал. 70 % немесе одан көп мұнай немесе мұнай өнімдері бар құралдардан басқа, тоқыма материалдарын, теріні, жүнді жаққымаймен және маймен өңдеу үшін пайдаланылатын құралдар
127	3811	Антидетонаторлар, антиоксиданттар, шайыртүзуші тежегіштер, қоюлатқыштар, даттануға қарсы заттар және мұнай өнімдеріне (бензинді қоса алғанда) немесе мұнай өнімдерге арналған мақсаттарда сияқты пайдаланылатын басқа да сұйықтықтарға қосылатын өзге де дайын қоспалар
128	3826 00	Битуминоз жыныстарынан алынған, құрамында сал. 70 % кем болатын мұнай өнімдері немесе мұнай бар немесе жоқ биодизель және оның қоспалары
129	4015 топтан *	Стерильді, стерильді емес медициналық қолғаптар
130	6210 топтан *	Бір рет қолданылатын, көп рет қолданылатын медициналық қорғаныш костюмдері (барлық түрлері)

131	6307 90 980 0 бірі*	Үш қабатты медициналық маска (барлық түрлері)
132	7303 00*	Бұрын пайдалануда болған шойынды құймадан жасалған түтіктер, түтікшелер және қуыс профильдер
133	7304*	Бұрын пайдалануда болған жіксіз, қара металдардан жасалған түтіктер, түтікшелер және қуыс профильдер (шойынды құймадан басқа)
134	7305*	Бұрын пайдалануда болған дөңгелек қималы, сыртқы диаметрі 406,4 мм-ден астам, қара металдардан жасалған өзге де түтіктер мен түтікшелер (мысалы, пісірілген, шегеленген немесе ұқсас тәсілмен біріктірілген)
135	7306*	Бұрын пайдалануда болған қара металдардан жасалған түтіктер, түтікшелер және қуыс профильдер (мысалы, жігі ашық немесе дәнекерленген, шегеленген немесе осыған ұқсас тәсілмен біріктірілген)
136	8548 10	Бастапқы элементтер, бастапқы батареялар мен электр аккумуляторлары қалдықтары мен сынықтары; мерзімі өткен бастапқы элементтер, мерзімі өткен бастапқы батареялар мен мерзімі өткен электр аккумуляторлары
137	9020 00 000 0*	№ 95 маска-респиратор (барлық түрлері)

";

ескертпе мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

"\* ЕАЭО СЭҚ ТН көрсетілген кодымен жіктелетін тауарларға қатысты ЕАЭО СЭҚ ТН кодын да, тауар атауын да басшылыққа алған жөн."

2. Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің Сыртқы сауда қызметі департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Сауда және интеграция вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
сауда және интеграция министрі

Б. Сұлтанов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы  
Ауыл шаруашылығы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы  
Денсаулық сақтау министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Индустрия және инфрақұрылымдық  
даму министрлігі  
"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрлігі  
"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы  
Энергетика министрлігі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК